

# Оқушылар өнер көрсетті

Театр ұжымдары арасында аудандық фестиваль ұйымдастырылды

Өткен аптада аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ғаббас Жұмабаев және Ахметқазы Шотаев атындағы Боровской мектеп гимназияларының төрінде «Мектеп сахнасындағы классика шедеврлері» атты театралдық ұжымдардың аудандық фестивалі өтті.

Аталмыш байқау бүкіл әлемдік театр күніне орай ұйымдастырылған болатын. Негізгі мақсаты – балалардың көркемөнерпаздар шығармашылығын дамыту және оның өскелең ұрпақтың көркемдік біліміндегі, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесіндегі рөлін күшейту.

Екі күнге созылған сайыс алдымен қазақ мектептерінің арасында сынға түссе, кейіннен орыс мектептерінің арасында жалғасын тапты. Өнер додасына аудан мектептерінің оқушылары қатысып, өздерінің әртістік қабілеттерін көрсете отырып, бүгінгі күннің өзекті тақырыптарында көрініс көрсетті. Байқау барысында ұлттық құндылығымызға тоқталып, қазақ халқының қонақжайлығы мен



Аудандық балалар шығармашылық мектебі «Қыз ұзату» көрінісін сахналады



Жүзден оза шапқандар Алғыс хаттармен марапатталды



Мұқағалидың «Кешірші мені, ана!» туындысы көрермен көзіне жас ұялатты



«Абай жолы» романынан үзінді көрсеткен Архипов ЖББМ

қатар мағыналы тақырыптағы көріністер сомдалды. Ауданымыздың 15 мектебінен бақ сынасқан оқушылар біріненбірі өткен талантты. Кімдікі арасынан ең мықтыны таңдау оңайға соқпағаны анық. Дегенмен, арнайы баға беріп, мықтыларды тізбектеген әділ қазылар алқасы болды.

Жыл сайын өткізілетін бұл шығармашылық байқаудың биылғы жылы дәстүрі бұзылмай аталып өтіп жатқандығы үлкен қуаныш. Өсіп келе жатқан болашақ ұрпақтың шығармашылық қасиеттерін дамыту мақсатында өткізілген сайысқа аудан мектептерінің барлығы белсене қатысып, жүлделі орындардан көрінді.

Байқау нәтижесінде оқушыларымыз ауданымыз нағыз таланттар мекені екенін дәлелдеп шықты, - деді аудандық білім бөлімінің әдіскері Гүлбарам Каленова.

Әділқазылар алқасы әрбір ұжымның өнерін белгіленген критерийлерге сәйкес бағалап,



Ағайындық қарым-қатынасты көрсеткен Михайлов ЖББМ

жеңімпаз ұжымдарды анықтады. Қазақ мектептері арасында ерекше көзге түскен Степанов жалпы білім беретін мектебінің дарынды оқушылары Спандияр Көбеєвтің «Қалың мал» романынан үзінді көрсетіп, қанжығаларына 1-ші орынды байлады, Көктерек негізгі

орта мектебі жүлделі орынның 2-ші сатысынан көрінсе, 3-ші орынды Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының театр ұжымы жеңіп алды.

Орыс мектептері арасынан көпшіліктің көңілінен ерекше шыққан Ломоносов жалпы білім

беретін мектебі, «Қожа және оның достары» атты қойылымды қойып, 1-ші орынды иеленді, 2-ші орынды Первомай жалпы білім беретін мектебі мен Ахметқазы Шотаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясы бөліссе, 3-ші орынды аудандық Балалар шы-



Дулат Исабековтың «Әпке» драмасы

ғармашылық мектебі мен Каменорал жалпы білім беретін мектептері қанжығаларына байлады. Байқау соңында жеңістің биік шыңынан көрінген жеңімпаздармен қатысушыларға алғыс хаттармен бірге ақшалай сыйақылар берілді.

Өсіп келе жатқан өске-

лең ұрпақ бойындағы қасиеттері дамыту аясында іске асқан жобалар легі өз жалғасын тапса дейміз. Бүгінгі сайысқа қатысушылар мен жеңімпаз ұжымдарды құттықтай отырып, алдағы уақытқа сәттілік тілейміз.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА